



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық азаматтық

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

ТҮРКІСТАН — АТАЖҰРТЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөйлеген сөзі

Құрметті Мемлекет басшылары!
Қадірлі саммитке қатысушылар!

Баршаңызды Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда қарсы алып, өздеріңізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Менің шақыруымды қабыл алып, алқалы жиынға келгендеріңіз үшін сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы саналған. Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі – рухани тұтастық пен тарихи сабақтастық символы. Қожа Ахмет Ясауи бауырлас елдердің дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосты. Адамзатқа ортақ құндылықтарды барынша дәріптеді. Халықты жақсылыққа, жасампаздыққа, адалдыққа шақырды. Ғұлама ойшыл ислам дінін түркі жұртының таным-түсінігімен ұштастыра білді. Аса құнды еңбектер жазып, мол мұра қалдырды. Ясауидің тағылымды ойлары мен хикметтері – түркі халықтарының баға жетпес байлығы. Ұлы бабамыз дәріптеген құндылықтар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз Ясауидің гуманистік идеяларына баса мән беріп отырмыз.

Қазір елімізде «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және басқа да бірегей бастамалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Басты мақсатымыз – ұлт сапасын барынша жетілдіріп, мемлекеттімізді нығайта түсу. Түптеп келгенде, осы ауқымды жұмыстың негізі Ясауи ілімінен бастау алады. Бүгінгі жайында Әзіретіңізге тағы да атап өткім келеді: мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде осы киелі Түркістан жерінде «Qoja Ahmet Yasawi» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Осыған орай тиісті заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл күллі түркі дүниесі үшін мән-мағынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол



себепті кеше алғашқы мәртебелі награданы аса құрметті Президент Рәжеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым. Осылайша, біз түркі руханиятының темірқазығы – Ясауи тұлғасын дәріптей отырып, халықтарымыздың арасындағы мызғымас бауырластық тамырын нығайта береміз деп сенемін.

Бүгінде Түркістан – көне мен келешекті тоғыстырған шырайлы шаһар. Аймақтың экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Былтыр облыстың экономикасы 9,3 пайызға өсті, оның көлемі 10 миллиард доллардан асты. Аймаққа 3,5 миллиард доллар инвестиция тартылды. Алқалы жиындары осында өткізудің мақсаты

– атажұртта бауырлас елдердің көшбасшыларымен жүздесу, қайта түлеген Түркістанды тәртүл дүниеге таныту. Біз киелі орданың тарихы қандай терең болса, болашағы да сондай жарқын боларына нық сеніммен қараймыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгін Түркістанда Өзбекстанның қолдауымен жаңа зәулім мешіт ашылғанын үлкен ризашылықпен атап өткім келеді.

Ерекше тарту жасағаны үшін Өзбекстан Президенті, аса қадірлі Шавкат Миромонұлы Мирзиёевке және өзбек халқына алғысымды білдіремін. Елдеріміздің руханиятындағы осы мешіттің орны ерекше болмақ. Бұл – қазақ-өзбек халықтары ынтымағының тарихи символы. Менің пікірімше, бұл

мешітке «Миромон ата» аты берілсе, өте орынды болар еді. Қос халқымыз бұл шешімді қолдайтынына еш күмән жоқ. Себебі осы қасиетті нысан біздің арамиздағы мәңгі достыққа қызмет етеріне сенімдіміз.

Құрметті достар!

Біз халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы дәуірді бастан өткерудеміз. Әлемдік және аймақтық деңгейдегі бәсеке күшейіп барады. Қарулы қақтығыстар, соғыстар толастар емес. Мұның бәрі әлем экономикасына кері әсер етіп жатқанын бәріміз көріп отырмыз. Таяу Шығыстағы жағдайдың салдарын көршілес аймақ елдері де сезіне бастады. Осындай алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. Себебі халықтарымызға ортақ сан гасырлық шежіреміз бар.

Қазіргі таңда түркі елдері заман талабын ескеріп, экономика және инвестиция саласындағы ықпалдас-тықты нығайту керек, ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс деп санаймын. Осы орайда, бүгінгі саммиттің «Жасанды интеллект және цифрлық даму» мәселесіне арналып отырғаны өте маңызды.

Құрметті жиынға қатысушылар!
Қадірлі достар!

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келді. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүние жүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни, инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Технологиялық даму көз келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформацияға дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек деп санаймыз.

Жалаасы 2-бетте

Отбасы – ұлттың рухани тірегі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҰШІН ОТБАСЫ – ТЕК БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА ӨМІР СҮРЕТІН ЖАНДАРДЫҢ БІРЛІГІ ҒАНА ЕМЕС, ҰЛТТЫҢ ТАМЫРЫ, ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ, АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ. «ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» ДЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫНДА ТЕРЕҢ МӘН ЖАТЫР. СЕБЕБІ ӘРБІР САНАЛЫ ҰРПАҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ЕЛІН СҮЙГЕН АЗАМАТ БОЛЫП ӨСУІ ЕҢ АЛДЫМЕН ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕН НӘР АЛАДЫ. ҰРПАҚ БОЙЫНА ІЗГІЛІК ПЕН ИМАНДЫЛЫҚТЫ, МЕЙІРІМ МЕН СЫЙЛАСТЫҚТЫ СІңІРЕТІН ДЕ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ.

15 мамыр – халықаралық отбасы күніне орай Жалағаш ауданындағы «Руханият» орталығында «Отбасы құндылықтары – ұлт тірегі» атты тағылым мол мерекелік шара өтті. Рухани көштің басты мақсаты – ұлттық тәрбиені насихаттап, отбасы институтының қоғамдағы маңызын дәріптеу, өнегелі отбасыларды көпке үлгі ету.

Мерекелік шараны аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов жүргізіп, аудан тұрғындарын айтулы мерекеміз құттықтады. Ғани Кенжеғараұлы адам баласына берілетін тәрбиенің негізі ең алдымен отбасынан басталатынын айтып, қазақ халқы үшін отбасы құндылығы қашанда қасиетті ұғым екенін ерекше атап өтті.

– Қай кезде де жалағаштықтар отбасы тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше мән беріп келеді. Берекесі мен бірлігі жарасқан, тірлігі тындырымды отбасылар – қоғамның айнасы. Өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде өнеге болып жүрген алтынқұрсақты аналарымыз – отбасының алтын діңгегі, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Бүгінде аудан көлемінде 1578 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде 372 «Алтын алқа», 580 «Күміс алқа» иегері, 3 «Батыр ана» және 12 «Ана даңқы» орденінің иегері бар. Бұл – Сыр өңірінде отбасы құндылығының, ана мәртебесінің қашанда биік екенін аңғартатын көрсеткіш.

Жиында аудан көлемінде отбасы құндылықтарын насихаттап, гендерлік саясатты жүзеге асыруда белсенді еңбек етіп жүрген аналар және әйелдер кеңесінің жұмысы ерекше аталып өтті. Қоғамдағы татулық пен тәрбиенің темірқазығына айналған аналардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Мерекелік шара аясында ұлттық дәстүрімізді дәріптеген «BAUYRSAQ» фестивалі ұйымдастырылып, көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлады. Қазақ дәстүрлерінің берекесі саналатын бауырсақтың саналуан түрі көпшілік назарына ұсынылды. Бір қарағанда, бәрі бірдей көрінгенімен, әр бауырсақтың өзіндік дайындалу тәсілі мен ерекшелігі бар екеніне жұрт куә болды.

Фестиваль барысында ши бауырсақ, қытырлақ бауырсақ, шай бауырсақ, түйе бауырсақ, бармақ бауырсақ, тұш бауырсақ секілді түрлері таныстырылды. Әсіресе қытырлақ бауырсақтың жасалу тәсілі көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Ақсу ауылының тұрғыны Құлдаш Тоқпанбетова оның дайындалу жолымен бөлісіп: – Қытырлақ бауырсаққа жылы су, жұмыртқа, бір қасық қойдың майын қосып илейміз. Кейін жұқалап жайып, майға қуырып аламыз, – деді.

Ұлттық тағамды ұлықтаған фестивальге кент пен ауылдардан келген аналар және әйелдер кеңесінің тәрбиелері қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Байқау қорытындысы бойынша I орынды Алтынқұл Бодышева, II орынды Жұлдызай Айтжанова, III орынды М.Байділдаева иеленді.

Шарада өнегелі өмір сүріп, көпшілікке үлгі болған бірқатар отбасы аудан әкімінің алғыс хаты және мерекелік құттықтаумен марапатталды. Солардың қатарында «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде жүлделі II орын иеленген Жәнібековтер отбасы да бар. Отағасы Болат Жәнібеков – тыл ардагері, «Жалағаш ауданының құрметті ардагері» медалінің иегері. Жұбайы Бақыт апамен бірге 6 бала тәрбиелеп, бүгінде 19 немере, 33 шөбере сүйіп отырған өнегелі әулет – көпшілікке үлгі.



Сондай-ақ 54 жыл отасқан Аппазовтар отбасы да көптің ықыласына бөленді. Оңғар Аппазов пен Рәзия Аппазова – бүгінде төрт буын өкілін бір шаңырақ астына топтастырып отырған берекелі отбасының қос бәйтерегі. Олар 6 бала тәрбиелеп, 22 немере мен 16 шөбере сүйіп отыр.

Мерекедің алтын той иелері Жүсіпбековтер, Аймахановтар, Жалғасбаевтар әулеті де арнайы құрметке ие болды. Ұзақ жылдар бойы бір-біріне сүйеніш болып, ұрпағына өнеге көрсетіп келе жатқан бұл отбасылар – бүгінгі қоғамның шынайы байлығы.

Сонымен бірге «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, этнос өкілдері, көпбалалы жас отбасылар да марапат төрін көрді. Олардың қатарында Бекниязовтар, Алдабергеновтер, Бектаевтар әулеті, Серитхановтар мен Жақсылықовтар отбасы бар.

Әсіресе жас болса да ұлттық құндылықтарды берік ұстанып, ата-анаға құрмет көрсетіп, бала тәрбиесіне ерекше мән беріп жүрген Жақсылықовтар отбасы көпшілік ықыласына бөленді. Екі ата-өнеге қызмет жасап, отбасылық тату-

лықты сақтап келе жатқан бұл отбасы – қазіргі қоғамдағы өнегелі жас отбасылардың жарқын үлгісі.

Мерекелік шарада ән шырқалып, ұлттық дәстүр дәріптеліп, отбасы құндылығының қадір-қасиеті кеңінен насихатталды. Аналардың ақ жаулығы мен ақ тілегі, ақсақалдардың өнегелі сөзі кештің мазмұнын арттыра түсті.

Қазақ халқы қашанда отбасы берекесін ел бірлігімен сабақтастырған. Себебі ұлттың болашағы тәрбиелі ұрпаққа, ал тәрбиелі ұрпақ өнегелі отбасында қалыптасады. Отбасы құндылығы өлсіреген жерде рухани жұтаңдық белең алады. Сондықтан отбасы институтын нығайту – қоғамның басты міндетінің бірі.

Жалағаш төрінде өткен тағылымды шара осы ұлы ұғымның мәнін айшықтап, көпшілікке отбасының қадірін тағы бір терең сезіндірді. Ұрпақ тәрбиесін ұлықтап, ұлттық құндылықтарды насихаттаған мұндай иіп шаралар ел бірлігін бекемдеп, руханиятымызда байыта беретіні сөзсіз.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Ел жаңалықтары

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының экономиканы өртартапандыру және отандық өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде жеңіл өнеркәсіпті дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиынға Ұлттық экономика, Өнеркәсіп және құрылыс, Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктерінің, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Атамекен» ҰҚП, «Бәйтерек» ҰҚП басшылығы және т.б. қатысты.

Жеңіл өнеркәсіптің жайы қалай?

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин саланың әлеуметтік маңыздылығын атап өтіп, жеңіл өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің 60 пайызын әйелдер құрайтынын жеткізді. Жиында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың саладағы бүгінгі ахуал, орын алып отырған кедергілер мен даму перспективалары туралы баяндамасы тыңдалды. ӨҚМ деректері бойынша өткен жылдың қорытындысында саладағы өндіріс көлемі 260 млрд теңгеге жеткен. Жыл басынан бері өнеркәсіптегі өңдеуші сектордың өсуі 9,9 пайызды құраған, бұл ретте жеңіл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,2 есеге ұлғайған. Десе де салада импорттың жоғары үлесі сақталуда.

Сонымен қатар дайын өнімдер шығару және қайта өңдеу үлесін ұлғайту шаралары талқыланды. Өндірістерді жаңғырту, қайта өңдеу қуатын кеңейту, локализациялау деңгейін арттыру, кадрлар даярлау және отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін нығайту қажеттілігіне баса назар аударылды.

Қазақстандық өндірушілерді қолдау мәселесі өз алдына бөлек қарастырылды. Атаулы қолдау шараларын ұсыну мақсатында Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізімі жұмыс істейді. «Атамекен» ҰҚП төралқа төрағасы Қанат Шарпаев қауіпсіздік нормаларына сәйкестігін бақылау үшін арнайы мақсаттағы жеңіл өнеркәсіп өнімдерін сертификаттау бойынша ұсыныстарын айтты.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық әлеуетті нығайту міндетін қойды. Жаңа Конституцияның қабылдануымен Үкімет өңдеу секторын дамыту жұмыстарын күшейте түсті. Биыл төрт айдың қорытындысы бойынша өңдеу саласы тұрақты өсім көрсетіп отыр. Оның ішінде жеңіл өнеркәсіптің әлеуметтік маңызы зор. Біз отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларын кеңейтуіміз қажет, деді Олжас Бектенов.

Кеңес қорытындысында Премьер-министр қазақстандық өндірушілерге өткізу нарықтарына шығуға кепілдік бере отырып, өндірісті ұлғайту үшін қосымша ныз таландыратын модель қалыптастыру қажеттігін назар аударды.

Қазақстанда фермерлерге бордақылау алаңдарын дамыту үшін жылдық 5 пайызбен жеңілдетілген несие беру басталды. Бұл туралы Аграрлық несие корпорациясы мәлімдеді.

Шаруалар жеңілдетілген несие алу үшін қайтпек керек?



Жаңа бағдарлама аясында шаруалар 12 айға дейін несие рәсімдей алады. Қаржының кемінде 70 пайызы ірі және ұсақ малды сатып алуға бағытталуы тиіс. Қалған 30 пайызын жем-шөп, жанармай, техника бөлшектері, сондай-ақ малды сәйкестендіруге арналған чиптер мен сығараларды сатып алуға жұмсауға болады.

Аграрлық несие корпорациясының мәліметінше, бағдарлама ішкі нарықты сапалы етпен қамтамасыз етіп, бағаны тұрақтандыруға бағытталған. Аталған бағдарлама ішкі нарықты сапалы етпен қамтамасыз етіп, сауда орындарындағы бағаны тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

«Біз фермерлер қымбат нарықтық қаржыландыру көздерін іздеуге алаңдамай, мал мен жем-шөпті жедел сатып ала алуы үшін қаржыға қолжетімділікті жеңілдеттік» деп атап өтті Аграрлық несие корпорациясында. Қаржыландыру тікелей корпорация филиалдары арқылы немесе несие серіктестіктері, екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы жүзеге асады. Бағдарламаға қатысу үшін бордақылау алаңы кемінде 500 бас ірі қараға немесе мың бас ұсақ малға есептелуі қажет. Сонымен қатар шаруашылықтарда қажетті инфрақұрылым, су жүйесі, карантин алаңы және экологиялық қорытынды болуы тиіс.

Айта кетейік, бұған дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруаларға сиыр етінің бағасын 3275 теңгеден асырмау туралы міндеттеме енгізген болатын.

«ЖЖ» ақпарат

ТҮРКІСТАН – АТАЖҰРТЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөйлеген сөзі

Жасанды интеллекті мен цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс. Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Aiem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек.

Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін оңтайландыра бастадық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады. Сонымен қатар елімізде Цифрлық кодекс қабылданды, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Біз білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеу, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріп отырмыз. Осы мақсатпен мен жақында Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл да Қазақстанның болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Алдағы уақытта еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Таяуда Алматы қаласында Тұрақты дамуға ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылды. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық экономикалық және әлеуметтік комиссиясының қолдауымен жүзеге асырылады.

Қазақстанға тілектестік танытып, осы жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарының үшін Сіздерге алғыс айтамын. Сонымен қатар наурыз айында Түркі кеңесі сарапшыларының қатысуымен Шымкент қаласында «Жасанды интеллект және цифрлық даму» халықаралық конференциясы өтті. Бұл іс-шара елдеріміздің осы саладағы ынтымақтастығы мен мүдделестігін айқын көрсетті.

Мен батыр Габалада өткен басқосу кезінде цифрлық даму және киберқауіпсіздік мәселесіне қатысты бірқатар бастама көтердім. Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық мониторинг және Цифрлық инновациялар орталықтарын құруды ұсындым. Бұл орталықтар Ұйымға мүше мемлекеттердің өсіп-өркендеуіне цифрлық



тұрғыдан тың мүмкіндіктер береді. Бұдан бөлек, сол алқалы жиында Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру қажет екенін айттым. Мұндай Кеңес елдеріміздің цифрлық өлеңіндегі осал тұстарды анықтап, инфрақұрылымға төнетін қауіптің алдын алуға ықпал етеді. Осы құрылым арқылы Ұйымға мүше елдердің тиісті органдары жедел ақпарат алмасатын, жұмыс істей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша тиісті тұжырымдамаларды әзірлеп, Ұйымға мүше мемлекеттерге келісу үшін жолдады. Аталған нақты шаралардың бәрі де елдеріміздің ортақ мүддесіне сай келеді, сондықтан, осы бағытта тиімді және белсенді әрекет етеміз деп ойлаймын.

Құрметті мемлекеттер басшылары!

Мен бүгін бірқатар ұсынысты ортаға салғым келеді. Біріншіден, сауда-экономика саласы бойынша ұйымға мүше елдер арасында электрлік құжаттар мен цифрлық қолтаңбаны өзара тануға қатысты жұмысты бірлесіп жүргізген жөн.

Екінші мәселе: Ғарыш саласы – түркі мемлекеттерінің бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі. Бұл бағытты жүйелі түрде дамыту үшін елдеріміздің ғылыми, технологиялық және қаржылық әлеуеті жеткілікті. Әсіресе, спутник байланысы, навигация және мониторинг саласында бірлескен жобаларды жүзеге асырып, ықпалдастығымызды кеңейте түсу қажет. Сол арқылы технологиялық дербестігімізді нығайтып, инновациялық әлеуетімізді арттыруға мүмкіндік туады. Мысалы, «CubeSat-12U» ғылыми спутникті іске қосудың маңыздылығын атап өтуге болады.

Үшіншіден, білім-ғылым саласына қажетті мамандар даярлайтын оқу орталықтары мен ғылыми мекемелер керек. Өзара тәжірибе алмасу, бірлесіп кадрлар даярлау және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Сондықтан Түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынамын. Біз Қазақстанда жаңа форматтағы технологиялық оқу орны – Жасанды интеллект университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Жоғары оқу орнында түркі мемлекеттерінің азаматтарын оқыту үшін арнайы гранттар бөлуге дайынбыз. Бағдарламалау, жасанды интеллект және озық цифрлық технология салалары бойынша Түркі елдерінің жастары арасында жыл сайын ғылыми-технологиялық олимпиада ұйымдастырған жөн деп санаймыз. Бұл бастамаларды жүзеге асыру үшін Түркі инвестициялық қоры тарапынан қаржылай көмек көрсетуге болар еді. Биыл Қор нақты жобалар бойынша жұмыс істеу тәсіліне көшті. Жарғылық капиталы 600 миллион долларға жетті. Оны ұлғайтуға болады. Бұл – айрықша мән бар стратегиялық ресурс. Сол себепті Қор барлық стартапқа қолдау көрсетіп, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға белсене атсалысады деп сенеміз. Қор толыққанды қызмет көрсетуге тиіс. Мүше мемлекеттерді осы міндетті жедел жүзеге асыруға шақырамын.

Төртінші мәселе. Қазір әрбір елде IT-жобаларға арналған технопарктер бар. Мен Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің IT хабтарының бірлескен орталығын ашуды ұсынамын. Орталыққа «Turkic ai» атауын беріп, оны Aiem.ai орта-

лығында орналастыруға болады. Бірлескен хаб ортақ мүдделерімізді ілгерілетуге ықпал етері сөзсіз.

Бесіншіден, жасанды интеллект пен озық технология дәуірінде рухани және мәдени құндылықтарды назардан тыс қалдырмау қажет. Түркі өркениетінің мол мұрасын сақтау және оны зерделеу – тарихи жадыны жаңғырту мәселесі ғана емес. Бұл – біздің бірегей болмысымызды, бірлігімізді және ынтымақтастығымызды көрсететін маңызды фактор. Осы орайда мен Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенция жобасын ұсынуға шақырамын. Бұл құжат түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу ісіне құқықтық негіз болады. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның осы саладағы қызмет аясын кеңейтуге ықпал етеді.

Алтыншы мәселе. Жасанды интеллект негізінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын арнайы цифрлық платформа құру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Бұл жоба келтілді форматта жасалуға тиіс. Сонда кез келген адам онлайн режимде түркі өркениетінің мол мұрасымен танысып, оны зерделей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша жан-жақты цифрлық шешімдер ұсынуға дайын.

Жетінші міндет. Түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру – баршаымызға ортақ міндет, парыз деп айтуға болады. Сол себепті мен Түркістан қаласының руханиятымыздағы рөлін ескеріп, осында Түркі өркениеті орталығын құру ту-

ралы шешім қабылдадым. Бұл орталық бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасайды. Сондай-ақ гуманитарлық ықпалдастығымызды нығайта түседі. Орталықтың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-академиялық әлеуетін пайдаланған жөн деп санаймын. Бұл университетке жаңа жетті қаржылай және басқа да жәрдем көрсетіледі. Бәріміз де жаңа ғана Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсіміне куә болдық. Осы бастамаға қосылған қолдауларыңыз үшін Сіздерге алғысымыз зор.

Бұған қоса, біз Астанада Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды жоспарлап отырмыз. Онда дала халықтарының тарихы мен мәдениеті кеңінен насихатталмақ. Ұйымға мүше мемлекеттерді және барлық бауырларымызды осы жобаны қолдауға және оған белсенді қатысуға шақырамын.

Келесі маңызды мәселе. Технологиялық даму және гуманитарлық ықпалдастық дәуірінде түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастыру қажет. Жақында Түркі Академиясы ағылшын, орыс және түркі тілдерінде сегіз томдық терминологиялық сөздікті жарыққа шығарды. Бұл жұмыс терминдерді бір ізге келтіруге және ортақ ғылым кеңістігін нығайтуға ықпал етпек. Осы орайда Кеңеске мүше елдердің тиісті мекемелерінің өкілдері, ғылыми сарапшылары кіретін Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құруды ұсынамын.

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі. Бүгінде біздің Ұйымға халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отыр. Абырой-беделіміз де артып келеді. Осы орайда Қазақстан Ресейдің «Алтай – түркі өркениетінің бесігі» жобасына оң көзқарасын білдірді. Бұған қоса, біз «Алтай сұхбат алаңы (диалогі)» форумын құру жөніндегі ұсынысымызды жарияладық.

Еліміз Түркияныңынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын құру бастамасын қолдады. Осы форматқа қосылуға ниет білдірген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты нақты өлшемдер болу қажет деп санаймын. Ең бастысы, жаңа форматтағы жұмыс Ұйымның мақсат-міндеттеріне сай болуы, оған кері әсерін тигізбеуі керек. Мысалы, соңғы кезде Ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ой-пікірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары – елдерімізді біріктіру емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды. Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін басымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң.

Мұндай ұстаным еліміз үшін – маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтай ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз – бәрімізге ортақ. Түркі әлемі әрдайым тату болып, алға қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесіп дами беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихы ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз.

Аса құрметті президент! Қадірлі жинаға қатысушылар!

Бауырластық пен достық негізінде құрылған Ұйымымыз қызметті жыл өткен сайын жандандырып келеді. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы ортақ бастамалар көтеріліп, өзара қолдау табатын теңдессіз сұхбат алаңы ретінде қалыптасты. Мен осы тұста баршаныңа тағы да шынайы ризашылығымызды білдіремін. Бұл басқосуда қабылданған шешімдер Түркі елдерін одан әрі қарқынды дамытуға ықпал етерін көміп сенемін.

Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығайып, берекесі арта берсін! Осымен бейресми саммит отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаныңа көп рақмет!

БАСЫ 1-BETTE

Мүшәйра

Қайраткер ғұмыры – ұрпаққа үлгі

Сыр бойы – сан ғасырдан сыр шерткен, талай тарлан тұлғаны түлеткен киелі мекен. Бұл өңірде ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, туған жерінің гүлденуі жолында маңдай терін төккен азаматтар аз болмаған. Соның бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазалы мен Жалағаш аудандарының құрметті азаматы Қанарман Табынбаев. Биыл ел ағасының туғанына 90 жыл толып отыр. Бұл – бір адамның ғана мерейтойы емес, өлдік пен еңбектің, адалдықтың пен азаматтықтың айшықты жолын таразылайтын тағылымды кезең. Қанарман Табынбаевтың ғұмыр жолы – туған жерге қызмет етудің, халық сенімін ақтаудың, ұлт мүддесіне қалтқысыз еңбек етудің жарқын үлгісі.

Осы ретте Таң ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен аудандық жазба ақынды арасында тағылымды жыр-мұшайра өтті. Рухани кеште ел ардагерінің өмір жолы жырға қосылды, өнегелі ғұмыры ұлықталды. Бұл шара – тұлға рухына көрсетілген тағзым ғана емес, кейінгі ұрпаққа бағытталған тәрбиелік мән зор рухани басқосу.

Қазақ халқы қай кезде де елге еңбегі сіңген азаматтарын төрге оздырып, олардың есімін ұрпақ жадында сақтай білген. Себебі халықтың ең үлкен байлығы – оның парасатты перзенттері. Қанарман Тоғызбайұлы да саналы ғұмырын халқының игілігіне арнаған, туған жерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлғаның қатарынан орын алады.

Қанарман аға 1936 жылы қасиетті Жалағаш топырағында дүниеге келген. Балалық шағы ел басына күн туған ауыр кезеңдермен туспа-тус келді. Соған қарамастан еңбекпен өсейіп,



өмірдің мектебінен өтіп шыңдалды. Қарапайым ауыл тіршілігінің қайнаған ортасында жүріп қалыптасқан қайсар мінез бен еңбекқорлық оның болашақ тұлғалық болмысының негізін қалады.

Жастайынан талапшыл, алғыр болып өскен Қанарман Табынбаев қай қызметте жүрсе де жауапкершілікті бәрінен биік қойды. Еңбек жолын туған ауданынан бастап, іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ел сеніміне ие болды. Кейін Қармақшы және Қазалы аудандарында бірінші хатшы қызметтерін атқарды. Бұл – сол кезеңдегі аса жауапты әрі халық тағдырымен тікелей байланысты қызмет.

Ол басшылық еткен жылдары ауыл шаруашылығының дамуына айрықша көңіл бөлініп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асты. Елді мекендердің еңсесі тіктеліп, халықтың тұрмыс сапасын арттыру жолында көптеген игілікті іс қолға

алынды. Қарапайым халықпен етене араласып, олардың мұң-мұқтажына бейжай қарамай Қанарман ағаның басты ұстанымының бірі болды.

Кейін облыстық тұтынушылар одағында басшылық қызмет атқарып, халықты қажетті тауарлармен қамтамасыз ету саласында да жемісті еңбек етті. Қай қызметте болсын өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, ел сенімін ақтай білді. Оның басшылық жолындағы басты ерекшелігі, әділдік пен жауапкершілікке негізделген ұстанымы еді.

Қанарман Табынбаевты ел арасында сыйлы еткен – тек қызметі ғана емес, адамгершілік болмысы. Ол кісілік пен кішіпейілдікті қатар ұстаған, кең жүректі, парасаты биік азамат болды. Жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың өсіп-жетілуіне ерекше көңіл бөлді. Ел ішінде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің үлгісін таныта білді.

Осындай өнегелі тұлғаны ұлықтауға арналған жыр-мұшайра да мазмұнға бай өтті. Ақындар жүрек төрбеген жырларымен қайраткердің елге сіңірген еңбегін, азаматтық болмысын, туған жерге деген сүйіспеншілігін көркем бейнеледі. Әр шұмақтан елдік рух, азаматтық парыз, туған жерге тағзым анық сезіліп тұрды.

Мүшәйрада Қанарман Тоғызбайұлының өнегелі өмір жолы кеңінен насихатталып, оның халқына сіңірген еңбегі туралы тағылымды естеліктер айтылды. Шараға қатысқан көпшілік қайраткердің қарапайым болмысын, биік адамгершілік қасиеттерін теребіне еске алды. Себебі ел үшін туған ердің есімі ешқашан ұмытылмайды.

Жыр додасында ақындар тек өлең оқып қана қойған жоқ. Олар тарихи тұлғаның рухани келбетін ашуға, оның өмір жолындағы елдік мұраттарды терең жеткізуге тырысты. Бұл қазақ поэзиясының тәрбиелік әрі тағылым-

дық қуатын айқын көрсеткен әсерлі кештің бірі болды.

Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған қатысушылар арнайы дипломдармен және қаржылық сыйлықтармен марапатталды. Бас жүйелі Мерәлі Шаменов ауылынан келген Жанат Қуандықұлы иеленсе, I орынға Есет батыр ауылынан келген Тоғжан Бейболтап жайғасты. Ал мұнан кейінгі орынға Құралай Кенжеғали, Өркен Дулат пен Дамира Ержігіт лайық деп танылды. Үшінші орынды Диана Байхожаева, Нұрдиар Жасұланұлы, Арайлым Темірханқызы мен Аида Алдаберлі өзара бөлісті.

Жеңімпаздардың әрқайсысы қайраткер рухын жығға қосып, көркем сөз арқылы тарихи тұлғаның болмысын өсерлі жеткізе білді. Бұл мүшәйра жас ақындардың шығармашылық ізденісі мен серпін беріп қана қоймай, ел тарихын, тұлға тағылымын терең тануға жол ашты.

Қазақ елі үшін аянбай тер төккен тұлғаның өмір жолы қашанда ұрпаққа өнеге болып қала береді. Оның халқына жасаған қызметі, ел дамуына қосқан үлесі ешқашан ұмытылмайды. Тұлғаның есімі – ел есінде. Атқарған ісі – ұрпаққа өнеге.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Гибрат

Мырзағалиевтер отбасы

1979 жылдың қаңтар айы, аудандағы Мырзағалиевтер отбасының босағасын аттап, сол әулетке келін болдым. Маған отбасында ата-әнемнің берген тәлім-тәрбиесі рухани азық болды десем қателеспеймін. Уақыт өткен сайын олардың қадір-қасиеті ара түсіп, төрде тұрған суреттеріне қарап ойға шомасың! Ата-анамыздың өмір жолы көз алдыға келіп, сол шаққа қалай ойша оралғаныңды білмей де қаласың! Олармен бірге жүргендей әсерде болып, «осы сезім мәңгі болсайшы» деген ой түйесің. Бірақ өмір өз деңгелегін алға жылжытып, сен де орта жасқа келгеніңді, сенің де өз балаларың, тіпті немерелерің де өсіп қалғаның, ойдағы қиял сені сәлт еткізіп, осы өмірге қайта әкеледі. Отбасы күні қарсаңында мен келін болып түскен Мырзағалиевтер отбасы жайлы мақала жазуды жөн көрдім.



Иә, бұл өңгіменің кейіпкері – асқар тау әкеміз Иса Мырзағалиев мен аяулы анамыз Әбілқалиевтер отбасының босағасын аттап, сол әулетке келін болдым. Маған отбасында ата-әнемнің берген тәлім-тәрбиесі рухани азық болды десем қателеспеймін. Уақыт өткен сайын олардың қадір-қасиеті ара түсіп, төрде тұрған суреттеріне қарап ойға шомасың! Ата-анамыздың өмір жолы көз алдыға келіп, сол шаққа қалай ойша оралғаныңды білмей де қаласың! Олармен бірге жүргендей әсерде болып, «осы сезім мәңгі болсайшы» деген ой түйесің. Бірақ өмір өз деңгелегін алға жылжытып, сен де орта жасқа келгеніңді, сенің де өз балаларың, тіпті немерелерің де өсіп қалғаның, ойдағы қиял сені сәлт еткізіп, осы өмірге қайта әкеледі. Отбасы күні қарсаңында мен келін болып түскен Мырзағалиевтер отбасы жайлы мақала жазуды жөн көрдім.

Иә, бұл өңгіменің кейіпкері – асқар тау әкеміз Иса Мырзағалиев мен аяулы анамыз Әбілқалиевтер отбасының босағасын аттап, сол әулетке келін болдым. Маған отбасында ата-әнемнің берген тәлім-тәрбиесі рухани азық болды десем қателеспеймін. Уақыт өткен сайын олардың қадір-қасиеті ара түсіп, төрде тұрған суреттеріне қарап ойға шомасың! Ата-анамыздың өмір жолы көз алдыға келіп, сол шаққа қалай ойша оралғаныңды білмей де қаласың! Олармен бірге жүргендей әсерде болып, «осы сезім мәңгі болсайшы» деген ой түйесің. Бірақ өмір өз деңгелегін алға жылжытып, сен де орта жасқа келгеніңді, сенің де өз балаларың, тіпті немерелерің де өсіп қалғаның, ойдағы қиял сені сәлт еткізіп, осы өмірге қайта әкеледі. Отбасы күні қарсаңында мен келін болып түскен Мырзағалиевтер отбасы жайлы мақала жазуды жөн көрдім.

Иә, бұл өңгіменің кейіпкері – асқар тау әкеміз Иса Мырзағалиев мен аяулы анамыз Әбілқалиевтер отбасының босағасын аттап, сол әулетке келін болдым. Маған отбасында ата-әнемнің берген тәлім-тәрбиесі рухани азық болды десем қателеспеймін. Уақыт өткен сайын олардың қадір-қасиеті ара түсіп, төрде тұрған суреттеріне қарап ойға шомасың! Ата-анамыздың өмір жолы көз алдыға келіп, сол шаққа қалай ойша оралғаныңды білмей де қаласың! Олармен бірге жүргендей әсерде болып, «осы сезім мәңгі болсайшы» деген ой түйесің. Бірақ өмір өз деңгелегін алға жылжытып, сен де орта жасқа келгеніңді, сенің де өз балаларың, тіпті немерелерің де өсіп қалғаның, ойдағы қиял сені сәлт еткізіп, осы өмірге қайта әкеледі. Отбасы күні қарсаңында мен келін болып түскен Мырзағалиевтер отбасы жайлы мақала жазуды жөн көрдім.

Иә, бұл өңгіменің кейіпкері – асқар тау әкеміз Иса Мырзағалиев мен аяулы анамыз Әбілқалиевтер отбасының босағасын аттап, сол әулетке келін болдым. Маған отбасында ата-әнемнің берген тәлім-тәрбиесі рухани азық болды десем қателеспеймін. Уақыт өткен сайын олардың қадір-қасиеті ара түсіп, төрде тұрған суреттеріне қарап ойға шомасың! Ата-анамыздың өмір жолы көз алдыға келіп, сол шаққа қалай ойша оралғаныңды білмей де қаласың! Олармен бірге жүргендей әсерде болып, «осы сезім мәңгі болсайшы» деген ой түйесің. Бірақ өмір өз деңгелегін алға жылжытып, сен де орта жасқа келгеніңді, сенің де өз балаларың, тіпті немерелерің де өсіп қалғаның, ойдағы қиял сені сәлт еткізіп, осы өмірге қайта әкеледі. Отбасы күні қарсаңында мен келін болып түскен Мырзағалиевтер отбасы жайлы мақала жазуды жөн көрдім.

Еңбек адамы

Парасат-пайым иесі

Алты жыл шопан болып еңбек етіп, еке-шешем зейнеткерлікке шыққан соң 1975 жылы үшінші ферманың орталығы Аққолқаға көшіп келдік. Ауыл орталығындағы 3 көшеде отыз шақты отбасы тұрады екен. Жаңадарияның жағасында орналасқан шағын ауылдың тыныс-тіршілігі таңмен таласа басталады. Таң тыныштығын бұзып, техникаларын оталдырған механизаторлар май-суларын құйып, жұмыстарына кетіп барады. Ауыл тұрғындары қой-ешкілерін қорадан шығарып өріске айдаса, аққулықты аналар шөлегін ұстап сиыр сауып, сүт пісіріп жатады. Ауыл балалары да еңбекқор, сабақтан соң бір өрісте мал қайырып жүрсе, енді бірі есек арбамен шөп, отын тасып жүргенін көресің. Қойшы айтуейі малды ауылдың тынымсыз тірлік, қарбалас жұмысы таңертеңнен кешке дейін бір толастамайды.



Қазақта «туыстан қоныс жақын» деген даналық сөз бар. Көршілерімізбен араласып, тату-тәтті тұрдық. Ауыл адамдары алтын, адал аңқылдаған жандар ғой. Олардың әрқайсысының өмірін өрнектеп өңгіме, жыр-дастан жазсаң да жарасады. Бірақ ол мүмкін емес. Бұл жолы құдайы көрші болып жақынмайды араласқан, аға-іні болып сыйласқан Жәрімбет Мәліков ағаның елге жасаған еңбегі, ерекше қасиеттерін айтауды жөн көріп отырмын. Алдымен ағамыздың еңбек жолына тоқталайын.

Жәрімбет Мәліков 1936 жылы 1 қаңтарда қазіргі Мәдениет ауылында дүниеге келген. Буыны қатпаған балаң жігіт қиын-қыстау кезеңді басынан өткізіп, ауыл мектебінде білім алды. Мектеп бітірген соң Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, мал дәрігері мамандығын алып шығады.

Алғаш еңбек жолын Қармақшы ауданы Ақжар ауылында бастап, одан кейін Жалағаш ауданында мамандығы бойынша жұмыс істеген оның саналы ұмыры мал шаруашылығымен байланыстыруға болады. 1964 жылы құрылған Жаңадария совхозына мал мамандары аудайы қажет болатын. Сөйтіп совхоз басшылығы оны үшінші фермаға мал дәрігері етіп жіберді.

1970 жылы ферма орталығы Аққолқаға көшіп келген жас маман оқу орнында алған білімін еңбекпен ұштастырып, тәжірибе жинақтады. Шопандарды аралап, қойларға екпе егіп, аурудың алдын алды. Бірнеше жыл қойды қолдан ұрықтандыру жұмысына қатысып, күзгі күйек алу науқанының сапалы өтуіне еңбек етті. Соның нәтижесінде ферма шопандары өздеріне бекітілген отардың әр жүзінен жоспарлы төл алып, жоғары

көрсеткіштерге қол жеткізді. Мал басы көбейіп, одан алынатын өнім көлемі де артты.

Білікті маман көзге көрінбейтін тынымсыз еңбегімен шаруашылықта мал басының өсуіне және оның тұқымын асылдандыруға сүбелі үлес қосты. 1982-1992 жылдары фермада қой бағып, шопан болып еңбек етті. Уақыт талабына орай мал шаруашылығы тарал, жекешелендірілген соң Мәдениет ауылында мал дәрігері болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты.

Ол кісіні көрген сайын сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына қарап, «ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген Абайдың сөзі ойға оралады. Ол табигат берген адамгершілік қасиетімен, үзеге беріктігімен ерекшеленетін. Үлкенді үлкендей, кішіні кішідей құрметтеп сыйлау оған тән қасиет болатын. Бесқұндік мынау жалғанда ешкімді екпелетпеген, біреудің ала жібін аттап, қиянатқа аяқ басып бұртуар азамат еді. Бекзат болсынмен, маңдай тер, адал еңбегімен абыройға бөленді. Бір сөзбен айтқанда, табиғатынан тазалық пен табандылықты, адалдықты иманындай көретін өзіндік пікірі қалыптасқан кісі болатын. Кісілігі жоқ, кішілігі мол үлкендігі бұлдамайтын, мақтауды сүймейтін, мақтанғысы келмейтін өмірі де, өзі де өнегелі бір адам болса осы Жәрімбет

ағам дер едім. Қашан көрсен де байсалды мінезін айнымай, байыпты байлауын ойлап барып айтатын ұлағатымен өзін кейінгілерге нұрын шашқан ардагер ағаның әр күні парасаттылыққа толы болды.

Ер жігіттің мерейінің үстем, еңбегінің жемісті болуы үлдегі сүйікті жарына байланысты болатыны шындық. Бұл бағытта Жәкең бағы жаңған бақытты жан болатын. Оның жемісті еңбек етіп, абырой биікпен көрінуіне өмірлік жары, Құдай қосқан қосағы Зина Мағжасымқызының еңбегі зор. Ағай екеуі бір-бірін құрметтеп сыйласатын жарасымды отбасы болды. Ұл-қыздарына тәлімді-тәрбие берді. Ата-анасының азаматтық, кішілік, қайырымдылық секілді асыл қасиеттері балаларына дарыған десе де болады.

Жәкеңнің ұлы Кенжебектің айтуынша, атасы соғысқа кетіп, әкесі кішкентайынан жетім қалған. Соған қарамастан мектептен білім алды. Өз еңбегімен оқу орнын бітірді. Еңбек жолында екеуі де аянған жоқ. Адал болды, ұл-қыздарын да адалдыққа, еңбексүйгіштікке, үлкенді құрметтеуге, кішіге қаржы болуға тәрбиеледі.

Жәрімбет ағамыз соғыс жылдарындағы, одан кейінгі қиын кездерді өткерді. Зина Мағжасымқызы келін бол тұскенде ештеңенен тәжірибесі жоқ жас болған.

Роза КӨШЕБАЙҚЫЗЫ, Қазақстан Журналистыр одағының мүшесі

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес және 113-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы негізінде Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 мамырдағы №АСК-24/179 қаулысымен Ақсу және Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2026 жылғы 21 маусымға тағайындалды.

Ақсу және Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2026 жылғы 14 мамырда басталады және 2026 жылғы 26 мамырда сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидаттың барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және 2026 жылғы 31 мамырда сағат 18.00 аяқталады.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы jalsay2019@mail.kz

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының құрамы: Қалыбаев Шарабан Мақсұтович – төраға, Доспанов Танатар Сағалович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмуратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Баймұбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбеле Алмақызы, Құлмұбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№139 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Ақсу ауылдық округі Ақсу ауылы Тұршабек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№116 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Телефоны: 8 (72431) 22-0-25

№141 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Орынбасарова Индира Нағашыбаевна – төраға, Боранқұлова Жаанар Оразбайқызы – төраға орынбасары, Қалыбай Нұрбала Әбілқерімқызы – хатшы, комиссия мүшелері – Бектибаева Гүлнұр Бакытбековна, Темірхан Нұрғулан Мұхамбетжанұлы, Шайхиева Айгүл Тыныбековна, Этезова Сауле Абдуллақызы.

№141 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жаңаталап ауылдық округі Жаңаталап ауылы Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№119 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Телефоны: 8 (724 31) 41-1-42

№141 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Абжамитов Курманғазы Жағипарович – төраға, Бегманова Алия Амантаевна – төраға орынбасары, Әбілқалиева Жазира Амантайқызы – хатшы, комиссия мүшелері – Аптаханова Гүлмира Жумағалиевна, Сарымбетова Майра Ақзамановна.

Б.ИСАФАБИЛОВ, Судьялар одағының мүшесі, Аудандық соттың бас маманы

Отбасының басты құндылығы – татулық

Отбасы – адам өміріндегі ең маңызды әрі қастерлі ұғым. Жыл сайын 15 мамырда атап өтілетін халықаралық отбасы күні – осы құндылықты қоғамдағы маңызын айқындайтын ерекше мереке. Әрбір адамның тұлға болып қалыптасуында, өмірлік бағыт-бағдарын айқындауда отбасының орны ерекше. Отбасындағы өзара түсіністік, сыйластық пен мейрімділік – берік қарым-қатынастың негізі. Осындай құндылықтың ішінде татулықтың алар орны айрықша.

Аудандық соттың өндірісіне 2025 жылы 39 неке бұзу туралы талап қою түскен, оның ішінде 23 ажырасу туралы шешім шыққан, 16 арыз бойынша тараптар татуласқан. Ал биыл 4 айда 16 неке бұзу туралы талап қою түскен, 11 арыз бойынша ажырасу туралы шешім шыққан, 5 арыз бойынша тараптар татуласқан.

Қаралған іс бойынша тараптар 2006 жылы 11 қаңтарда некеге тұрған. Некеден көмелетке толмаған үш балалары бар. Некелік қатынастары 2024 жылы 25 қыркүйекте тоқтады. Талап қоюшы талабында жауапкер екеуінің мінезі жараспағанын көрсетіп, некені бұзуды сұраған. Жауапкермен талап қоюға қарсы пікір ұсынылмады. Талап қоюшы сотта жауапкер екеуінің мінезі жараспағанын, балалары өзімен бірге тұратынын және араларында мүлік дауы жоқ екенін айтып көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотта жауапкер талап қоюды мойындап, некені бұзуға қарсы емес екенін көрсетті, сот шешімімен тараптардың тіркелген некесі бұзылды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің (әрі қарай Кодекс) 19-бабының 2-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес, осы кодекстің 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың көмелетке толмаған ортақ балалары болған жағдайда неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады. Кодекстің 21-бабының 1-тармағына сәйкес, егер көмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі болған кезде, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүлкікті және өзге де талаптары болмаған кезде сот некені бұзу себептерін анықтамастан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуы мүмкін.

Тараптарға баласынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен араласуға, оның тәрбиесіне қатысуға құқығы бар екендігі, ал баласы өзімен бірге тұратын ата-ана баланың екінің ата-анасымен араласуына кедергі жасамауға тиіс екендігі түсіндірілді.

Талап қоюшы жауапкермен некені бұзу жөнінде талап қоюмен сотқа жүгінген. Сотта талап қоюшы қазіргі уақытта жауапкермен қайта қосылып, бірге тұрып жатқандарына байланысты талап қоюды қараусыз қалдыруды сұрады. Сот істегі құжаттарды зерттеп, талап қоюшының арызын қайтарып алуын қабылдап, істі қараусыз қалдыруға жатады деп есептеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 279-бабы 8) тармақшасына сәйкес, сот талап қоюшының талап қою арызын қайтарып алуын қабылдаса, іс қараусыз қалдырылады.

Отбасы жанжалы, тұрмыстық зорлық-зомбылық Қазақстан республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабында жазалар қарастырылған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «Құқық бұзушымен отбасы тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, жылап отырып, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бұлдыру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазасыз қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаса» ескерту жасауға немесе үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға өкпе соғады.

Жыл басынан бері аудандық сотта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабымен 12 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. 18.01.2026 жылғы сағат 02:00-дер шамасында А.А. өзінің заңды некедегі әйелі Б.Б.-ны сәйкесіз балағаттап, отбасы тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіп, оның тыныштығын бұзған, сот А.А.-ның жерленушімен татуласуына байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 64 бабының негізінде әкімшілік жауаптылықтан босатты.

С.С. 09.03.2026 жылы, сағат 20.10-дәр шамасында мас күйінде үйіне келіп, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіп, яғни әйелі Р.Р.-ға, былайыт сөздер айтып, қорлап, тыныштығын бұзғаны үшін кінәлі деп танылып, 10 тәулік әкімшілік қамауға алынды.

Татулық бар жерде бірлік нығайтып, сенім артады, ал сенім бар жерде отбасының басты құндылығы татулық деп айтуға толық негіз бар.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Тәлім

**ОТБАСЫ КҮНІ
ҚАРСАҢЫНДА АҚҚҰМДЫҚ
ҚЫРҒЫЗБАЕВТАР
ӘУЛЕТІНІҢ
ҚАРАШАҢЫРАҒЫНДА
ҚОНАҚТА БОЛЫП,
ҰЛАҒАТТЫ
ҰСТАЗДАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ
ӨМІРІМЕН ТАНЫСТЫҚ.
САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН
БІЛІМ САЛАСЫНА
АРНАҒАН МҰҒАЛІМДЕР
ДИНАСТИЯСЫ БҮГІНДЕ
БІРНеше БУЫНҒА БІЛІМ
БЕРГЕН. ҰСТАЗДЫҚТЫ
ҰЛЫҚТАҒАН ӘУЛЕТТІҢ
ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛЫ –
БҮГІНГІ ЖАС БУЫНҒА
ҮЛГІ-ӨНЕГЕ.**

Ұстаздар отбасы



Барсақ, әулеттің отағасы Бейсен Қырғызбайұлы бақшасындағы өнімдерін баптап, суарып жүр екен. Ауласына кіргеннен-ақ жасыл желекке бөленген бақшасы көздің жауын алып тұр. Айтуынша, ол 2006 жылдан бері бау-бақша ісімен тұрақты айналысып келеді. Бүгінде оның бақшасында қызанақтың түр-түрі, алманың грени смит, пинк перл сурлы және Бельгиядан шыққан орман аруы мен Талғар сұлуы атты күздік алмұрт сұрыптары бар. Әр түп ағаш пен әр көшетке ерекше күтіммен қарайтын көкеміз немерелеріне адал еңбектің арқасында ғана берекелі тірлік қалыптасатынын айтып, оларды еңбекке баулууда.

Ал отанасы Жанат Байкенова – 38 жылдан бері бастауыш пәнінің мұғалімі. Еңбек жолын кезінде өзі білім алған Терезек ауданы Сәкен Сейфуллин ауылдығы білім ордасынан бастаған. Кейін осы әулетке келіп болып түсіп, ұстаздық қызметін ауылдағы алтын ұяда жалғастырып келеді. Кейіпкеріміздің әкесі – физика-математика пәнінің мұғалімі, ал анасы кітапханашы болған. Бала күнінен ата-анасына қарап бой түзген ол ұстаз болуға жастайынан қызықтанып айтты.

Жанат Байкенова 38 жылдық ұстаздық ғұмырында он буын шәкіртке сапалы білім беріп, талай жасқа бағдарлам болған. Қазіргі таңда ұстаз өзінің 11-ші буынын тәрбиелеуде. Оның айтуынша, бүгінде сол шәкірттері 3-ші сыныпта білім алууда.

Кейіпкеріміз шәкірттерінің жетістігімен мақтанады. Ұлағатты ұстаздар топтам алған жастар бүгінде оның жо-

лын жалғап, білім саласында шәкірт шыңдауда, яғни ауылдағы алтын ұяда өзімен қатар жұмыс жасап, әріптес атанып, бірі биология пәнінен, ал енді бірі өзі секілді бастауыш пәнінен сабақ береді.

– Шүкір, шәкірттерім жаман емес, барлығын мақтан тұтамын. Басым көпшілігі әртүрлі салада елге адал қызмет етіп жатыр. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында студенттерге сабақ беріп жатқан шәкірттерім де, білім алып жатқан оқушыларым да бар. Мәселен, Нұрай Бектай есімді оқушымы бар. Мен оған бастауыш сыныпта білім бердім. Кейін 6-шы сыныптан бастап оқуын Назарбаев зияткерлік мектебінде жалғастырып, жоғары оқу орнында да білім алып, бүгінде Англияда еңбек жолын жалғастыруда. Білуіміше, қазіргі таңда бала күтіміне байланысты демалыста, – деді ол.

Бейсен көкеміз бен Жанат апамыз – 2 ұл, 2 қыздың ата-анасы. Үлкен ұлдары Бақытжан анасының жолын жалғап ұстаздық қызметті таңдаған. Бүгінде оның білім саласына қадам

басқанына 10 жыл болды. Ол ауылдағы алтын ұяда физика-математика пәнінен сабақ береді. Кейіпкеріміздің таңдауы алғашында құрылысшы мамандығына түскен. Алайда сол кездегі сәтсіздіктен кейін анасының ұсынысымен ұстаздық жолға бет бұрған. Бүгінде ол бұл саланы таңдағанына еш өкінінбейтін, құрылысшы бола алмаса да, болашақ құрылысшыларға тәлім-тәрбие беріп жүргенін айтады.

Кейіпкеріміз оқушыларды ұлттық біріншілікке дайындаумен қатар сынып жетекшілік міндетін де абыроймен атқарып келеді. Кезінде анасы Жанат алай бастауыш сыныпта тәлім-тәрбие берген шәкірттерге бүгінде ұлы Бақытжан бағыт-бағдар беріп, жетекшілік етуде.

Бір отбасынан бастау алған ұстаздық өнеге осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бақытжан жетекшілік ететін сынып бүгінде – біртүрші тұлғалар. Ауылдағы алтын ұя биыл 25 тұлғелі үлкен өмірге қанат қақтырмақ. Оның 13-і – кейіпкеріміздің сыныбы. Қазіргі таңда сыныптағы 10

оқушы ұлттық біріншілікке дайындық үстінде. Оның ішінде 3 оқушы физика-математика бағытын таңдаған. Оқушыларының алды ұстаз үмітін ақтап, сынама тесттерден 100-ден жоғары балл жинауда. Әйтсе де кейіпкеріміз бұл нәтижеге тоқмейісімей, әр оқушының білімін шыңдау жолында дайындықты үздіксіз әрі тығыздықты жүргізіп жатқанын жасырмады.

Сұхбат барысында кейіпкеріміздің жан-жақты, ізденімпаз ұстаз екенін аңғардық. Ол оқушыларға тек білім беруден шектелмей, шәкірттерінің ой-өрісін кеңейтуге де басымдық берген, яғни мектептегі «Парасат» дебат клубының жетекшісі ретінде шәкірттерінің ойлау қабілетін дамытып, пікір айту мәдениетін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосуда. Мұнан бөлек дарынды оқушылардың тәлімгері ретінде әр баламен жеке жұмыс жасап, олардың қабілетін шыңдап келеді. Білікті педагогтың жетекшілігімен оқушылар жыл сайын «Ұлы еңертпекшілікке алғашқы қадам» атты инновациялық жобаға

тұрақты қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр.

– Бұл жоба аясында оқушылармен дрон, кеме, ұшақ, өрт сөндіру келігі сынды техникаларды құрастырып, аудандық және облыстық кезеңдерде жүлделі орындарға ие болдық. Соның бірі – «ақылды робот келігі» бағыты бойынша жасалған өрт сөндіру келігі. Бұл жобаның ерекшелігі көп. Мәселен келікті адам қашықтан басқара алады. Сондай-ақ өрт сөндіруші кіре алмайтын қауіпті аймақтарға кіріп, өртті сөндіреді және қай жерде өрт шыққанын да өзі анықтай алатын қасиетке ие, – дейді кейіпкеріміз.

Бақытжанның жары Меруерт Жолман да – ұстаздық жолды таңдаған жан. Ол ауыл балаларына орыс тілі пәнінен қатар жетекшілік етеді. Бүгінде оның шәкірттері «Ақбота», «Зерде» сынды білім байгелерінен жүлделі орындар иеленіп жүр.

Айта кетейік, Бақытжан мен Меруерт халықаралық отбасы күніне арнайы облыстық психологиялық қолдау орталығының ұйымдастыруымен өт-

кен «Бақытты отбасы» марафонына қатысқан. Аудандық кезеңде жүлделі орын иеленген жас отбасы облыстан арнайы марапатқа ие болды.

Отбасылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткен сайыста ата-ата мен балаларға бес күн бойы түрлі тапсырмалар берілген. Мәселен, алғашқы күні олар салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында балаларымен бірге таңғы жаттығу жасаған. Ал екінші күні олар ұйымдастырушылар тарапынан берілген үш кітаптың бірін таңдап, барлығы бірге оқып, шығарманы талдаған. Бұл отбасының таңдауы белгілі қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасына түскен.

Бес күннің бірі «шежіре» күні деп аталған. Ол күні балалар үлкен әжелерімен бірге ескі альбомдарды ақтарып, өткен шаққа көз жүгіртеді. Мұнан бөлек «армандар қартасы» күні аясында балалармен бірге армандарын ақ қағазға түсіріп, алдағы мақсаттарымен бөліскен. Марафонның соңғы күні «тәттілер» күнімен қорытындыланған. Бұл күні балалар аналарымен бірге асханада аспаздық шеберліктері сынап, тәтті бөліш пен дәмді торттар әзірлеген. Бұл кезеңнің барлығын олар әлеуметтік желіге күн сайын жариялап отырған.

Бақытжан мен Меруерт ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен отбасы құндылығын ұлықтап, ауызбіршілігін нығайтатын осындай сайыстарға тұрақты қатысып келеді.

Айта кетейік, Қырғызбаевтар әулетінің екінші ұлы – Мақсұт, ол геодезист мамандығын таңдаған. Ал жары Гүлдана – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Үлкен қыздары Арайлым қазіргі таңда тұрмыста. Ол да ұстаздық жолды таңдап, математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасауда. Ал кіші қызы Алтынай мектеп қабырғасында білім алып жүр. «Алтын белгіге» үміткер болашақта ақхалатты абзал жан болуды қалайды.

Әулет ұстаздары мектепте сабақ беріп қана қоймай, шәкірттерін шығармашылыққа жетелейді. Олар білімнен қатар жастардың бойына адамгершілік, еңбекқорлық сынды қасиеттерді қалыптастырып келеді. Саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұстаздар династиясы – ұрпақтан-ұрпаққа білім шауғын шашып келе жатқан өнегелі әулет. Олардың басты мақсаты – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, ел болашағына қызмет ететін білікті маман қалыптастыру.

Өнеге

Аналар жастарға ақылын айтты

12 мамыр – Аналар күні. Олардың мәртебесін айқындайтын бұл мереке елімізде 2024 жылдан бастап атап өтіледі. Бүгінде әлемнің 20-дан астам елінде, тарқатып айтсақ, АҚШ, Канада, Германия, Италия, Түркия, Жапония, Бразилия және Аустралия сияқты мемлекеттерде Аналар күні дәл осы уақытта атап өтіледі. Мереке қарсаңында «Аманат» партиясының «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Аққұм ауылдық округі» бастауыш партия ұйымы мен «Аманат» партиясы аудандық филиалының «Әйелдер қанатының» ұйымдастыруымен «Батыр ана – ұрпаққа өнеге» атты батыр аналармен кездесу кеші өтті.

Тағылымды шараның негізгі мақсаты – ардақты аналардың қоғамдағы орны мен отбасы тәрбиесіндегі рөлін дәріптеу, көпбалалы аналардың өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа үлгі ету. Аталған шараға «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева және «Аманат» партиясы аудандық филиалы жанындағы әйелдер қанатының психологы Мөлдір Нұржанова қатысты.

Тағылымды шара төрінен 90 жас-тан асқан алтынқұрсақты ана Жұпар Орынбаева, Шәркүл Шөмекеева, Күләйша Әбиева сынды батыр аналарымыз арнайы орын алды. Олар кездесуде отбасы бірлігі, ұлттық тәрбие, ана мейірімі мен ұяқ тәрбиесі жөнінде тағылымды ой-пікірлерімен бөлісіп, өмірлік тәжірибелерін ортаға салды. Өмірдің саналуан сынағынан сүрінбей өтіп, ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен алтынқұрсақты ана Жұпар Бисарқызы өнегелі өмірін тілге тиек етіп, жастарға батасын берді.

– 17 жасымда осында келіп болып түсіп, 12 баланы өмірге әкелдім. Қазіргі таңда 7 балам бар. Оларды жастайынан адалдыққа, еңбекке баулып өсірдім. Әр істі жауапкершілікпен атқарып, үлкенге ізет, кішіге құрмет секілді ізгі қасиеттерді үйреттім. Шүкір, балаларым еңбегімді ақтады. Барлығын бірдей жоғары оқу орнында білім алып, мамандық иеленіп шығуына қолдан келгенше

жағдай жасадық. Қатарларынан кем қылмай өсірдік. Қазіргі таңда әрқайсысы өз шаңырағының түтінін түтетіп, әр салада қызмет етіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүр. Балаларыммен мақтанамын. Мен үшін нағыз Жалағаш аудандық филиалының аман-дығы, немерелерім мен шөберелерімнің риясыз күлкісі. Олар ержетіп, ел ағасы жасына жетсе де, ата-ана үшін қашанда бала болып қала бермек. «Өз балаңды өскенше, немеренді өлгенше бағасың» демекші, қазір тілге немере-шөберелерімнің қызығына тоймай, әр жетістігіне қуанып, тілеусіз болып отырмын. Бүгінде 19 немерем, 21 шөберем бар, – дейді Жұпар Бисарқызы.

«Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» деген қанатты сөзді өмірлік ұстанымына айналдырған Шәркүл Сымбабайқызы жас аналарға отбасындағы әйел адамның орны мен бала тәрбиесіндегі басты құндылықтар жайында тағылымды өңгеме өрбітті. Анамыз – 12 құрсақ көтерген батыр ана. Ол «Әр заманның өз қиыншылығы бар. Қазір шүкір, барлығы бар, ал біз кезінде барлығын өз қолымызбен дайындайтынбыз. Таңертең ерте тұрып, үйдің тірлігін реттеп, бала-шағаның тамағын дайындап, ер азаматтармен қатар ауыр жұмыстарға да араластық. Сол еңбектің арқасында шындалып, қандай қиындық болса да адал еңбекпен өңсердік» деп өткен шаққа көз жүгіртті. Көпбалалы ана бала тәр-



биесінде тәртіпті, еңбекке баулудың орны ерекше екенін айтып, жас аналарды қандай жағдайда да отбасының берекесін сақтай білуге шақырды.

Келелі кездесуге 11 баланы өмірге әкелген Күләйша Әбикқызы да арнайы қатысты. Батыр ана – бүгінде балаларынан тараған 25 немере, 19 шөберенің әжесі. Ақжаулықты ана-мәді мен «Еңбек және Тыл ардагері» медалі орын алған.

Шарада Қаншағұл Шоңмұрынқызы батыр аналарға «Ақжаулықты абыз ана», «Еңселі елдің анасы», «Алтынқұрсақты ана», «Берекелі отбасының шамшырағы» сынды бірқатар арнайы

номинациялар табыстады. Мұнан бөлек «Күміс алқа» иегерлері де арнайы алғыс хатпен марапатталды. Шара соңында партия қатарына жаңадан қабылданған көпбалалы аналарға «Аманат» партиясының партиялық билеттерін салтанатты түрде табыстау рәсімі де ұйымдастырылды.

Қаншағұл Шоңмұрынқызы ел дамуы мен халық игілігі жолында еңбек етуге ниет білдірген аналарға партия билеттерін табыстай отырып, бұл қадамның үлкен сенім мен жауапкершіліктің белгісі екенін тілге тиек етті. Шара соңында Мөлдір Қожабайқызы жас аналарды жеке қабылдап, оларға отбасының қоғамдағы маңызы мен

бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы тағылымды кеңес берді.

Бүгінгі басқосуға келген батыр аналардың еңбек жолы, отбасы бірлігін нығайтып, жас ұрпақты еңбекке баулуға өнегелі ісі жастарға үлгі болмақ. Аналардың тағылымға толы өмір жолын кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында «Аманат» партиясының «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында «Аққұм ауылдық округі» бастауыш партия ұйымы мен «Әйелдер қанатының» ұйымдастырған келелі кездесуі өте жоғары деңгейде өтті.

Жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп жүрген батыр аналар бүгінде еңбектен қол үзбей, ауылдық мәдениет үйі

ұйымдастыратын тағылымды шараларға белсене қатысып келеді. Олар ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, көлеңкелді қыр-сырын жас келіндерге үйретіп, ұлт тәрбиесіне өз үлесін қосуда. Кездесуде аналардың жүрекжарды аңгімелері көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Ерен еңбектері мен өмірлік тәжірибесіне қанығып, олардың еңбекқорлығы мен қайсарлығына тәнті болдық. Осындай еңбегімен елге үлгі болған батыр аналардың қатысуымен өтетін тағылымды кездесулердің жастарға берер тәрбиесі мол деп білеміз.

Бетті дайындаған Сезім НҰР